

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ДІН ІСТЕРІ КОМИТЕТІ
МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ДІНДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР
ЛИДЕРЛЕРІ
І, ІІ, ІІІ, ІV, V СЪЕЗДЕРІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰЖАТТАРЫ**

ЖИНАҚ

АСТАНА – 2015

Баспаға Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының
Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған

ӘОЖ 2 (079)

КБЖ 86 Я 43

Ә 52

Жауапты редактор:

Е.Б. Мұратбеков,

Мәдениеттер мен діндердің халықаралық
орталығының директоры, з.ғ.к.

Құрастырушылар:

Қ.Т. Қалилаханова,

Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директорының
бірінші орынбасары, п.ғ.к., доцент, ХПБҒА-ның корр.-мүшесі (РФ)

С.А. Дуанаева,

Конфессияаралық ынтымақтастық бөлімінің бас сарапшысы, фил.ғ.к.

С. Булатқызы,

Бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері

А.Т. Утемисов,

Бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг бөлімінің ғылыми
қызметкері

**Ә 52 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері I, II, III, IV, V
съездерінің қорытынды құжаттары:** Құжаттар жинағы. – Астана:
ҚР МСМ ДІК МДХО, 2015. – 24 б.

ISBN 978-601-7812-07-2

Басылымға 2003, 2006, 2009, 2012, 2015 жж. Астана қаласында
өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері I, II, III, IV, V съездерінде
қабылданған қорытынды құжаттары енгізілген.

Ұлт Көшбасшысы – Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың қоғам мен мемлекеттің бейбітшілік, қауіпсіздік
жолындағы дінаралық үнқатысу және келісімді дамыту бойынша
бастамалары жарияланған рухани лидерлер Съездерінің қатысушылары
қабылдаған Декларациялар мен Үндеулердің өзектілігі мен тарихи
маңызы зор.

Жинақ замануи отандық тарих пен дінаралық сұхбатты дамытуда
маңызды орын алатын Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі
мен оның қызметі мәселелеріне қызығушылық танытатын қалың
оқырманға арналған.

ӘОЖ 2 (079)

КБЖ 86 Я 43

ISBN 978-601-7812-07-2

© Мәдениеттер мен діндердің
халықаралық орталығы, 2015

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗИ

23-25 қыркүйек 2003 жыл

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗИНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Біздер, 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астанада, Қазақстан Республикасының елордасында болған әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші Съезіне қатысушылар,

Әр адамның өз дінін еркін таңдауы, танытуына және ұстануына деген құқығын мойындай отырып,

Дінаралық үнқатысуды халықтар мен ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімді орнықтырудың аса маңызды құралдарының бірі деп санай отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да мүдделі халықаралық және өңірлік ұйымдардың, сондай-ақ үкіметтердің, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өркениеттер арасындағы үнқатысуды өрістету жөніндегі күш-жігеріне қолдау білдіре отырып,

Діннің барлық адамзаттың игілігі үшін маңызын қуаттай отырып,

Дінді дұрыс түсінбеушілікті және діндер арасындағы айырмашылықты менменшіл, бүлдіруші және зорлықшыл мақсаттарға қол жеткізудің құралы ретінде дұрыс пайдаланбаушылықты айыптай отырып,

Саналы түрде

• Адам өмірінің қасиетпен сыйлануына және әр адамның артықшылығына деген құрмет дәрежесінің кеміп бара жатқанын,

- Кедейлік, аштық, сауатсыздық, аурулар, имансыздық, сондай-ақ таза су мен денсаулықты сақтауға қол жеткізудің шектеулілігі туғызатын жаһандық тұрақтылыққа елеулі сынақтарды,

- Дауларды шешудің негізгі құралдары ретінде қанауды, қатыгездік пен зорлықты пайдалануды,

- Қазіргі және келешек ұрпақ үшін қауіпті зардапты әлемдегі экологиялық дағдарысты танып,

МӘЛІМДЕЙМІЗ:

Төзімділік, ақиқат, әділдік және сүйіспеншілік секілді құндылықтарды өрістету кез келген діни уағыздың мақсаты болуы тиіс;

Экстремизмнің, лаңкестіктің және дін жолында делінетін зорлықтың басқа формаларының діннің шынайы түсінігімен ешқандай ортақтығы жоқ, олар адам өмірі үшін қатер болып табылады және, тиісінше, қабылданбауы керек,

Діни нанымдар мен ұстанушылықтың сан алуандығы өзара күдіктенбеушілікке, кемсітушілік және қорлаушылыққа емес, әр дін мен мәдениеттің бірегейлігін көрсететін өзара қабылдау мен үйлесімділікке жеткізуі керек,

Дін төзімділік пен өзара қабылдаушылықты барлық халықтардың бейбітшілік қатар өмір сүруінің елеулі құралы ретінде мойындай отырып, ынтымақтастыққа көбірек ұмтылуы керек,

Ағартушылық бағдарламалары мен әлеуметтік қатынас құралдары дін мен мәдениетке оң көзқарастарды өрістету жөніндегі маңызды аспаптар болуы тиіс,

Дінаралық үнқатысу қоғамдық даму мен барлық халықтардың әлауқатын жақсартудың, қолдаудың, түрлі мәдениеттер мен діндер арасында төзімділікті, өзара түсінісушілік пен үйлесімді ынталандырудың шешуші бір әдісі болып табылады, сондай-ақ жанжал мен зорлықты еңсеруге жәрдемдеседі,

Барлық адамдар қауымдастығы жеккөрушілікті, өшпенділікті, төзбеушілік пен дәріптеушілікті еңсеруге ынталандыруы керек,

Біз жаңа мыңжылдықта бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатымен рухани құндылықтар мен үнқатысу мәдениетін өрістетуге ісінде ынтымақтастықты күшейтуге тиіспіз,

Біз діни айырмашылықтарды жеккөрушілік пен дүрдараздықтың құралы ретінде пайдалануына жол бермеу және адамзатты діндер мен мәдениеттердің жаһандық жанжалынан қорғап қалу үшін күш-жігерді жұмылдыруға әзірміз,

Біз адамзат үшін бейбітшілік пен прогрессті қамтамасыз ету жөніндегі және болашақтағы үйлесімді дүниенің негізі ретінде қоғамдарда тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бірлескен іс-қимыл күтеміз,

Біз Қазақстан Республикасына және Аса Мәртебелі Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа осы Съезді бастамашы болып өткізгені үшін алғыс айтамыз,

Біздің міндеттемелеріміз шапағатты болсын және барлық халыққа әділдік, бейбітшілік және өркендеу сый болсын.

**Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы,
24 қыркүйек 2003 жыл**

* * *

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ СЪЕЗИ

12-13 қыркүйек 2006 жыл

ДИНАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ПРИНЦИПТЕРІ

1. Диалог адалдыққа, төзімділікке, кішіпейілдікке және өзара құрметтеушілікке негізделетін болады. Бұл түйсініп қабылдау мен танымды білдіреді, ізгілікті іс жасау оның нәтижесі болуға тиіс.

2. Диалог барлық әріптестердің тең құқықтылығын көздеуге және әрбір мәдениеттің, тілдің және дәстүрдің тұтастығын ескере отырып пікірді, көзқарас пен сенімді еркін білдіру аясын жасауға тиіс.

3. Диалог басқа нанымға үндеу тастауға не басқа діни нанымдағы әріптесті қорлауға, сондай-ақ бір діннің басқа діннен басымдығын әйгілеуге бағытталмауға тиіс. Диалог айырмашылықтарды жоюға емес, қайта оларды тануға және құрметтеуге бағытталғаны жөн. Диалог қатысушылардың өз нанымын адал әрі айқын баяндауына мүмкіндік беруге тиіс.

4. Диалог басқа діндердің озық танымы мен түсінігін көтермелей отырып, жалған сенімнен және оларды қате түсіндіруден бойды аулақ салуға көмектеседі. Ол жанжалдарды және шиеленісті бәсеңдету құралы ретінде зорлық-зомбылықтың пайдалануын болдырмауға және даулы жағдайларды шешуге көмектеседі.

5. Диалог халықтардың бейбітқатар өмір сүруі мен жемісті ынтымақтастығы жолын ұсынады.

Диалог озық білімді көтермелейді, ол сондай-ақ диалогтың маңыздылығын бұқаралық ақпарат құралдарының жақсырақ түсінуіне және діни экстремизм қатерін бәсеңдетуге де жәрдемдеседі.

6. Дінаралық диалог диалогтың басқа түрлері, әсіресе, әлеуметтік және саяси диалог үшін үлгі ретінде қызмет ете алады.

7. Төзімділік рухында өткізілген диалог барлық адамдардың бір ғана ғаламды мекендейтінін атап көрсетеді. Бұл өмірдің қастерлілігі, адамның қадір-қасиеті және жаратылыстың тұтастығы сияқты белгілі бір ортақ құндылықтарды көздейді.

8. Диалог діннің қоғамда өмірлік және сындарлы рөл атқаратындығын атап көрсетеді. Ол ортақ игілікке жәрдемдеседі, адамдар арасындағы өзара жақсы қарым-қатынастардың маңызды рөлін таниды, сондай-ақ мемлекеттің қоғамдағы ерекше рөлін құрметтейді.

9. Діні мен мәдениеті әртүрлі адамдар арасындағы озық қарым-қатынастардан өнеге алуға мүмкіндік туғызатын диалог болашақ ұрпақ үшін іргелі қажеттілік болып табылады.

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ СЪЕЗИНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Біз, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері, Қазақстанның елордасы Астанада Екінші Съезде бас қосып:

– 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астанада өткен, дінаралық диалогтың маңызды бастамасына әлемнің танымал дін лидерлерін тартқан Бірінші Съездің табысын одан әрі дамыта отырып;

– әлемдік өркениеттердің өзекті негіздерін білдіретін әлемдік мәдениеттердің, діндердің және этностық топтардың өзара түсінісулердің нығаюына үлес қосуға тілек білдіріп әрі мәдени және діни айырмашылықтар негізіндегі жанжалдарға жол бермеуге ұмтыла отырып;

– жасампаздық пен бейбітшілікті сақтауда діннің адам өмірі мен қоғамның аса маңызды қыры ретінде жаңа мыңжылдықтың басында сапалық жаңа рөлге ие болғанын негізге ала отырып;

– дін лидерлерінің қазіргі және болашақ ұрпақтардың рухани тәрбиесі мен тәлімі үшін орасан зор жауапкершілігін, өзара құрметтеушілік рухын орнықтырудағы, олардың осы заманғы жаңа сынақтардың алдында басқаларды маңызды түсіну мен қабылдаудағы маңызды рөлін түйсіне отырып;

– әрбір дін мен мәдениеттің бірегей сипатын қуаттап, мәдени және діни әртүрлілікті адамдар қоғамының аса маңызды белгісі ретінде қарастыра отырып;

– жазықсыз құрбандыққа соқтыратын зорлық-зомбылықты ақтау үшін пайдаланылатын діни және ұлттық айырмашылықтарды саудаға салушылық туындатқан әлемдегі дінаралық және ұлтаралық шиеленістің етек алуына алаңдаушылық білдіре отырып;

– экстремизм мен фанатизмнің дінді шынайы түсінушілікпен және зорлық-зомбылықты жоққа шығарып, басқа халықтарды және басқа діндерді ұстанушыларды құрметтеуге және бейбіт қатар өмір сүруге шақыратын барлық діндерді танумен ешбір байланысы жоқ екенін атап көрсете отырып,

– дінаралық және мәдениетаралық қатынастардағы қиындықтарды халықаралық саясаттағы, экономикадағы, әлеуметтік, гуманитарлық және ақпараттық ортадағы тепе-теңдіктің айтарлықтай бұзылуынан, сондай-ақ дінді саяси мақсаттарда пайдаланудан туындаған деп санай отырып;

– жоғарыда аталған проблемалар бойынша Съездің **«Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік»** атты негізгі тақырыбы аясында:

– I. «Діни сенім бостандығы және басқа діндерді ұстанушыларды құрметтеу»;

– II. «Діни лидерлердің халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі» деген екі арнаулы топтама бойынша талқылап, пікір алмаса отырып, **планетадағы барлық діндерді ұстанушыларға және ізгі ниетті адамдарға үн қатамыз және:**

– оларды өзара жауласудан, ұрыс-керістен, жеккөрушіліктен бас тартуға және өзара құрмет, шынайылық пен мәдени, діни және өркениеттің саналуандылығын тану ахуалында өмір сүруге шақырамыз;

– діндерді не бөлетініне емес, оларды не біріктіретініне айрықша назар аудара отырып, соқыр нанымды, басқа діни дәстүрлерді елемеушілік пен бұралап түсіндірушілікті еңсеру үшін бірлескен күш-жігер қолдануға бел байлағанымызды жариялаймыз;

– терроризмді, оның барлық түрлерін айыптаймыз, өйткені, әділдікті қорқыныш пен адам қанын төгіп тұрғызуға болмайды, ал мұндай құралдарды дін мақсатында пайдалану ізгілік пен диалогқа шақыратын кез келген діннің қағидаларынан ауытқушылықты білдіреді;

– діннің агрессияшыл болмысы туралы барлық жалған ойлар мен қасаң пайымдарды, сондай-ақ қандай да бір дінді терроризммен байланыстыру әрекетін қабылдамаймыз;

– бүкіл діндерді адамзаттың аман-саулығын, қадір-қасиеті мен бірлігін уағыздай отырып, терроризмнің барлық себептерін жою жолында бірлесе еңбектенуге шақырамыз;

– бір дінді ұстанушыларды екінші дінді қабылдануға бағытталған қандай да бір қысым көрсету мен күштеу әрекеттерін қабылдамайтынымыз туралы мәлімдейміз;

– өзара түсіністікке, ынтымақтастық пен әлеуметтік үйлесімге қол жеткізу ісіндегі білім берудің, жастар саясаты және ортақ мәдениетке тәрбиелеудің өзекті құраушы ролін қуаттаймыз.

Біз сондай-ақ, халықаралық қоғамдастыққа, халықаралық және өңірлік ұйымдарға, бүкіл ұйымдарға, бүкіл әлемдегі мемлекеттер мен үкіметтерге:

– өркениеттер диалогының үрдісіне белсенді қолдау білдіріп, тұрақты түрде бейбітшілік мәдениетін нығайтуға, оның қағидаттарын халықаралық саясаттың және барша адамдар өмірінің берік негізі ретінде орнықтыруға бағытталған күш-жігер қолдануға;

– әділетті дүниенің орнауына, халықаралық құқық пен заңдылықтың нығаюына, БҰҰ қарарларын мен халықаралық шарттардың орындалуына, сондай-ақ бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнауы үшін тиімді шараларды әзірлеуге жәрдемдесуге;

– қаналғандар мен терроризм құрбандарының үніне құлақ асып, зорлық-зомбылықты туғызатын наразылықты жою мақсатында орын алып, отырған жанжалдардың әділ шешімін іздестіру үшін барлық амалдарды пайдалануға;

– жаппай қырып-жоятын қаруды әзірлеуден, өндіруден және оған ие болудан толықтай бас тартуға, жаппай қырып-жоятын қарудың таралмау режимін нығайтуға жәрдемдесу;

– діни қастерлі орындар мен нышанды рәміздерді құрметтеуге және қорғауға, сондай-ақ бұл үшін тиісті шаралар қолдануға шақырамыз.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, Біз, әлемдік және дәстүрлі дін лидерлері, мынадай **ШЕШІМГЕ КЕЛДІК:**

– бірлескен кездесулер, семинарлар өткізу, БАҚ-та материалдар жариялау, Интернетті және басқа да құралдарды пайдалану жолымен дінаралық қатынастарды оң тұрғыдан қабылдау мен көрсетуді ынталандыру бойынша бірлескен нақты шаралар қабылдауға;

– жастар арасында дінаралық төзімділіктің таралуына және жалпыадамзаттық құндылықтарды серпінді қабылдануына жағдай жасауға;

– жас адамдардың діни және мәдени айырмашылықтарды құрметтеуі мен өшпенділіксіз қабылдауына көмектесу үшін өркениеттер мен діндер арасындағы үнқатысу тағылымын барлық білім беру деңгейлерінің оқу жоспарларына кіргізуге;

– өзіміздің рухани ықпалымызды, біздің діни бірлестіктердің билігі мен ресурстарын бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, сондай-ақ түрлі діни қоғамдастықтар арасындағы проблемаларды болдырмауға және шешуге бірлескен үлесімізді қосу үшін байланыстарды нығайтуға;

– дау-жанжал туындағын үкіметтерге, халықтарға, түрлі топтар мен күштерге шиеленісті бәсеңдетуге жәрдемдесу және қажет болған жағдайда олармен келіссөздер жүргізуге бірлескен делегациялар құру үшін тәжірибеміз бен күш-жігерімізді ұсынуға;

– осы Декларацияда жарияланған мақсаттарды тарату мен іске асыру үшін күш-жігер жұмсау және Съезд Хатшылығына бұл ұсыныстарды барынша тиімділікпен жүзеге асыру үшін жоспар әзірлеуді тапсыруға;

– діни лидерлердің Форумын тұрақты негізде өткізіп, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III Съезін 2009 жылы өткізуге;

– Съездің өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы диалогты ілгерілетудегі тұжырымдамалық әрі практикалық рөліне және оның дінаралық өзара түсіністікті жолға қоюдағы елеулі жетістіктері мен Съездің бұдан былайғы қызметіне қолдау білдіруге БҰҰ Бас Ассамблеясының назарын аударуға шешім қабылдадық.

**Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы,
13 қыркүйек 2006 жыл**

*** * ***

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ҮШІНШІ СЪЕЗИ

1-2 шілде 2009 ж.

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ҮШІНШІ СЪЕЗИНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҮНДЕУІ

Біз, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III Съезіне қатысушылар,

- экономикалық және аралас салаларды қоса алғанда, Съезд барысында көтерілген адамзат проблемаларының өрістеп келе жатқан өзектілігін мойындап, сондай-ақ қоғамның әр мүшесі алдындағы өз жауапкершілігімізді сезіне отырып;

- діннің өскелең рөлін ескере келе және дінаралық өзара түсіністік пен қазіргі заманғы әлемдегі ынтымақтастықтың қажеттігін атай отырып;

- дінге сенушілердің рухани құндылықтарды және өзара құрметтеушілік пен үйлесімділікке ықпал етуді жақтайтындығын растай келе;

- біздің мәдени және рухани мұрамызды қорғау мен дамытуға ұмтылысымызды атап көрсете отырып;

- этностық және діни араздыққа, өшпенділікке ымырасыз қарсы шығып, сонымен бірге әртүрлі этностық, діни көзқарастағы адамдардың бейбіт қатар өмір сүруі адамзат қауіпсіздігінің маңызды негізі болып табылатынын атай келе;

- ортақ моральдық құндылықтарымыздың дінаралық және конфессияаралық қақтығыстарды, шиеленістерді болдырмау мен бейбіт шешудегі маңызды үлесін атап көрсете отырып;

- дінаралық диалог стереотиптерден, соқыр нанымдардан аулақ болуға және діни жанжалдарды болдырмауға көмектесетініне,

алауыздықты тежеудің құралы болатынына және жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге ықпал ететініне сенімділік білдіре отырып;

- қоғамдық және жаһандық тұрақтылықтың жаңа қатерлеріне қарсы іс-қимыл рухани және моральдық тәрбие, мәдениет, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттердің, этностық қоғамдастықтардың және діндердің ынтымақтастығын талап етеді деген сенімді негіздей келе;

- жеке адамның қадір-қасиеті мен оның негізгі құқықтарын, әсіресе ар-ождан мен діни сенім бостандығын қорғау қажеттігін сезініп;

- дінді қаскөй ұлтшылдық пен шовинизмді ақтау және қолдау мақсатына пайдалануды жоққа шығара отырып;

- экстремизм мен терроризмнің кез келген көріністерін, әсіресе дін атын жамылып жасалғандарын айыптай келе;

- жергілікті және халықаралық деңгейде адамдардың бірге өмір сүруінің неғұрлым ізгі жүйесін құруға мүмкіндік беретін өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне адамзат бірлескен күш-жігермен көтеріле алатынын түсініп;

- дінаралық диалог, өзара түсіністік пен бейбіт ынтымақтастықтың дамуына I және II Съездердің қосқан үлесін зор құрметпен бағалай келе және Хатшылық жұмысына ризашылығымызды білдіре отырып,

діни, саяси көшбасшыларға, қоғам қайраткерлеріне, ғалымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына және әлемдік қоғамдастыққа үндеу жолдаймыз:

- шынайы дінаралық диалог орнату үшін дін лидерлері мен ұйымдарының күш-жігерін ұдайы қолдап, оларға ықпал етіп, сондай-ақ діннің қоғамда атқара алатын және атқаруға тиіс оң рөлін тани отырып, адамзаттың өзекті мәселелеріне, оларды тиісінше шешудің жолын айқындау мақсатына баса назар аударайық;

•білім беру арқылы әрбір дін мен мәдениеттің бірегей сипатын түсінуге ықпал етіп, өзара түсіністік пен құрметтеушілікті жақсартуға бағытталған дін және өркениет диалогін қолдайық;

•заңды айырмашылықтарды құрметтеушілік негізінде қоғамның бірлігін сақтау үшін дінді немесе дін айырмашылығын саяси мақсатта бүлдірушілік сипатта пайдалануға қарсы тұрайық;

•ар-ождан бостандығы мен оны іске асыру құқығын ұдайы қорғай отырып, білім беру саласында мәдени алмасулар мен ынтымақтастық арқылы неғұрлым терең түсіністікке қол жеткізуге жәрдемдесейік;

•заңды айырмашылықтарды құрметтеушілік негізінде қоғамның бірлігін сақтау үшін дінді немесе дін айырмашылығын саяси мақсатта бүлдірушілік сипатта пайдалануға қарсы тұрайық;

•жаһандық әлемдегі экономикалық, қаржылық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді әділ шешудің жолын іздестіруде орасан моральдық және рухани күш пен шынайы ынтымақтастық танытайық.

Біз, Съезге қатысушылар, Жоғары Мәртебелі Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа және Қазақстан Республикасының халқына Қазақстанда және оның шегінен тысқары жерлерде түрлі этносқа жататын, әртүрлі діни сенімі мен мәдениеті бар халықтар арасындағы келісім мен ынтымақтастық мәдениетін алға ілгерілету жолындағы олардың күш-жігері үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Біз әрбір адамға бейбітшілік, қауіпсіздік және өркендеу тілейміз.

**Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы,
2 шілде 2009 жыл**

* * *

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ТӨРТІНШІ СЪЕЗИ

30-31 мамыр 2012 ж.

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ТӨРТІНШІ СЪЕЗИНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҮНДЕУІ

Біз, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV Съезіне қатысушылар, жаратушының адам баласының пешенесіне бұйыртқан болмысын, оның қадір-қасиеттері мен ажырағысыз құқықтарын сөзсіз мойындаймыз. Біз адамзаттың жарқын болашағы үшін оның бірден-бір айнымас таңдауы болып табылатын бейбітшілік пен келісімге өз ұмтылысымыз бен адалдығымызды білдіреміз.

Біз адамзаттың ортақ игілігі үшін түрлі діндерді ұстанушылардың, халықтар мен мемлекеттердің арасындағы өзара құрметтеуді, түсіністікті және ынтымақтастықты жақсартуға бағытталған діндер мен мәдениеттер диалогын ілгерілету жолындағы ізгі бастамасы үшін Қазақстан Республикасына терең ризашылығымызды білдіреміз.

Біз қазіргі әлеуметтік проблемаларды шешудің және жалпыға бірдей бейбітшілік пен өркендеуге қол жеткізудің ең маңызды да ықпалды құралдарының бірі дін екендігіне сенеміз.

Біз, саяси және қоғам қайраткерлерімен қатар, дінмен бүркемеленген экстремизм мен терроризмді қамтитын қазіргі кездегі рухани, этностық және моральдық сын-тегеуріндерге тиісінше жауап қатуға әзір екендігімізді білдіреміз.

Түрлі діндер мен рухани дәстүрлерді ұстанатын барша адамдардың атынан біз дінаралық диалог арқылы ілгерілейтін өзара құрметтеуді, түсіністікті және келісімді ортақ құндылықтар деп танимыз. Бұлардың маңыздылығы XXI ғасырдың екінші он жылдығында адамзат

қоғамдастығы сенімге, достыққа, ынтымаққа, әділеттілікке және жасампаздық қызметке деген ұмтылысын жоғалтпайды деп шүбәсіз үмітпен нық айтуға мүмкіндік береді. Сондықтан бізге әлемнің әртүрлі діндері мен мәдениеттерінің артықшылықтарын барынша толық пайдалану қажет.

Біз қоғамның имани-рухани негізін нығайтуды және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қайта түлетуді әлемнің тұрлаулы дамуының талассыз шарты, адам болмысының мәні мен мақсатын танудың кілті деп санаймыз. Біз әйел затының отбасындағы және қоғамдағы жасампаздық рөлі адамдар мен ұйымдар тарапынан терең құрметке бөленуге, қадірленуге және барынша қолдау табуға тиіс екендігіне кәміл сенеміз.

Әлемнің болашағы – жастардың қолында. Біз жастарымыздың өмірлік оң бағдарларын қалыптастырудың, олардың имандылық негіздерін орнықтырудың, рухани дамуының және барлық деңгейде білім беру арқылы өркендеуінің маңыздылығын қуаттаймыз.

Қазіргі заман жастары ерте кезден-ақ өзінің діни дәстүрлері туралы іргелі ілімдер алуға, өзінің ана тілі мен тарихын, мәдениетін білуге құқылы. Бұл ретте біз өз дінін білетін адам басқа дінге тәкаппарлықпен қарамайтынына сенімдіміз.

Осы қасиеттер арқасында әлем өзін-өзі кеузеуден қорғап, өзінің өркендеу әлеуетін күшейте түсетініне сенімдіміз.

Бізді әлемнің түрлі бөліктерінде зорлық-зомбылыққа жол ашып жатқан толассыз соғыстар, этносаралық қақтығыстар, қылмыстың өсуі, діни төзімсіздік пен радикализмнің бой көрсетуі алаңдатады. Діни дәстүрлерімізді басшылыққа ала отырып, біз үрейлендірудің немесе күш қолданудың кез келген түрін айыптаймыз және барлық мемлекеттерді мұндай проблемаларды диалог арқылы шешу үшін бірлесіп күш-жігер жұмсауға шақырамыз.

Өзара құрмет пен түсіністік, жанашырлық пен кешірімділік, әділеттілік пен ынтымақ, бейбітшілік пен келісім қағидаттарына негізделген диалог қауіпсіз әлем құрудың бірден-бір жолы деп кәміл сенеміз. Біз осы орайда діни қауымдар, саяси көшбасшылар, халықаралық ұйымдар және азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимыл тетігін жетілдіруге шақырамыз.

Біз түрлі діндер өкілдерінің арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуді мақсат еткен Діни лидерлер кеңесін қолдаймыз.

Барлық ізгі ниетті адамдарды әділетті, қауіпсіз, өркендеген әлем құру үшін бізді қолдауға әрі күш-жігерді біріктіруге шақырамыз.

Біз әрбір адамға тыныш та шуақты ғұмыр, жақсылық пен береке тілейміз.

**Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы,
31 мамыр шілде 2012 жыл**

* * *

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БЕСІНШІ СЪЕЗІ

10-11 маусым 2015 ж.

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БЕСІНШІ СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Біз, адамзаттың жарқын болашағы үшін бейбітшілікке, келісім мен жасампаз ынтымақтастыққа ұмтылыспен бас қосқан, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезіне қатысушылар, Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары мәртебелі Нұрсұлтан Назарбаев мырзаға Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу жөніндегі игі бастамасы үшін, барша Қазақстан халқы мен оның Үкіметіне кеңпейілдік әрі қонақжайлық танытқаны үшін алғысымызды білдіре отырып;

XXI ғасырда әділ әрі қауіпсіз әлемге қол жеткізу үшін дінаралық және өркениетаралық үнқатысуды ілгерілетудегі съездің жоғары рөлін және Қазақстан Республикасының қосқан үлесін мойындай отырып;

дінаралық және мәдениетаралық үйлесімдікті көтермелеу, дін лидерлері мен саяси қайраткерлер арасындағы диалогты нығайту жөніндегі жаһандық және өңірлік бастамаларды қолдай отырып;

әлемдік және дәстүрлі діндердің рухани мұраттар мен құндылықтарды бекемдеу арқылы адамзат өркениетін дамытуға қосатын үлесін атап көрсете отырып;

өзара құрмет ахуалын қалыптастырудағы, отбасылық құндылықтарды нығайтудағы және жас буынды имандылыққа тәрбиелеудегі діннің маңызды рөлін сезіне отырып;

дінаралық және этносаралық шиеленістің өсуіне, саяси тұрақсыздыққа және әлемнің түрлі өңірлеріндегі әскери қақтығыстарға алаңдаушылық таныта отырып;

бейбіт халықтың құрбан болуына және зардап шегуіне әкеп соққан төзбеушіліктің барлық түрін, оның ішінде діни төзбеушілік пен радикализм көріністерінсынға ала отырып;

барлық діндердің шынайы қызметіне экстремизм мен терроризмнің ешқандай қатысы жоқ екендігін баса айта отырып;

V Съездің «Діни лидерлері мен саяси қайраткерлердің бейбітшілік пен даму жолындағы үнқатысуы» атты негізгі тақырыбының аясында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға ұмтылысын растай отырып;

Төмендегі мәселелер туралы уағдаласты:

1. Дін лидерлерінің саяси қайраткерлермен, халықаралық ұйымдармен және азаматтық қоғаммен тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жанжалдарды болдырмау және реттеу мақсатындағы диалогына жәрдем етуге;

2. Әскери жанжалдар тараптарын қақтығыстарды тоқтатуға, бітімге келуге және келіссөздер арқылы зорлық-зомбылыққа жол бермеуге, бейбіт азаматтарды қорғауға, барлық қайшылықтарды бейбіт жолмен шешуге шақыруға;

3. Ұлттық деңгейде де, мемлекетаралық деңгейде де кез келген саяси және діни қайшылықтарды күшпен шешу әдісінен түбегейлі бас тартуға;

4. Барлық алдыңғы қатарлы алып мемлекеттердің саяси лидерлерін қазіргі әлемдегі сенімсіздік тұңғығының тереңдеуін тоқтатуға, бір-біріне санкция қолдануды доғаруға және бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнату мақсатында халықаралық құқыққа сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдардың тетіктерін қайшылықтарды реттеуге пайдалану үшін шақыруға;

5. Діни және саяси лидерлердің теңдік, әділдік, өзара құрмет және бейбіт қатар өмір сүру қағидаттарына негізделген үнқатысуына ықпал етуге;

6. Тұрақты бейбітшілік пен даму жолында рухани және саяси лидерлер арасындағы өзара іс-қимылдың дәстүрлі тетіктерінің қызметін жандандырып, жаңа тетіктер іздестіруге;

7. Адамның ар-ождан, пікір, сөз және таңдау бостандығына құқықтарының ажырамастығын түсіне отырып, әлемдік және дәстүрлі діндерге, олардың киелі деп саналатын барлық дүниелеріне және дінді ұстанушылардың діни сезімдеріне тең құрметпен қарауды қамтамасыз етуге;

8. Әлемдік және дәстүрлі діндер арасындағы диалогты ілгерілету кезінде діни алуандылықты құрметтеуге;

9. Жалған діни риториканы жамылып, араздықты, өшпенділік пен зорлық-зомбылықты тұтандыруға бағытталған арандатулар мен әрекеттерге қарсы тұруға;

10. Терроризм мен экстремизмнің тамырына балта шабуға ұмтыла отырып, оларға қарсы іс-қимыл жасауға, терроризм мен экстремизмге қарсы күрестің діндерге және дінді ұстанушыларға қарсы бағытталған соғысқа айналып кетпеуі үшін ерекше қырағылық танытуға;

11. Бейбітшілік пен даму жолындағы жаһандық диалогты нығайту мақсатында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Біріккен Ұлттар Ұйымымен, қауіпсіздік және ынтымақтастық саласындағы халықаралық ұйымдармен және басқа да бастамалармен өзара іс-қимылын одан әрі дамытуға;

12. Діни ағарту ісінің, басқа діндерді құрметтеуге тәрбиелеудің, отбасылық құндылықтарды қадірлеудің аспектілеріне көңіл бөле отырып, жастардың білім алуын дамытуға жәрдем етуге;

13. Бұқаралық ақпарат құралдарының иелері мен шығарушыларына өздерінің моральдық жауапкершілігін естеріне сала отырып, оларды,

интернетті қоса алғанда, БАҚ-ты дінаралық және конфессияаралық алауыздықты тұтандыру үшін пайдалану практикасын тоқтатуға шақыруға, сондай-ақ оларға бейбітшілік пен келісім мәдениетін, діндер, халықтар және мемлекеттер арасында құрмет сезімін насихаттауды ұсынуға;

14. Қазіргі әлемнің кедейшілік, аштық, эпидемия, жұмыссыздық, табиғи зілзала мен техногендік апаттар салдарымен күрес сияқты анағұрлым өзекті мәселелерін шешу үшін мемлекеттер мен қоғамның діни және саяси қайраткерлерінің күш-жігерін біріктіруге;

15. Астанада Зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы күрес жөніндегі өңірлік конференция өткізу туралы Қазақстанның бастамасын қолдауға;

16. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VI Съезін 2018 жылы Астанада өткізуге уағдаласты.

**Қазақстан Республкасы,
Астана қаласы,
10-11 маусым 2015 жыл**

МАЗМҰНЫ

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІ.....	3
Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші Съезіне қатысушылардың Декларациясы.....	3
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІ.....	6
Дінаралық диалог принциптері.....	6
Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші Съезіне қатысушылардың Декларациясы.....	8
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІ.....	13
Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үшінші Съезіне қатысушылардың Үндеуі.....	13
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ТӨРТІНШІ СЪЕЗІ.....	16
Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің төртінші Съезіне қатысушылардың Үндеуі.....	16
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БЕСІНШІ СЪЕЗІ.....	19
Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бесінші Съезіне қатысушылардың Декларациясы.....	19

**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР
ЛИДЕРЛЕРІ I, II, III, IV, V СЪЕЗДЕРІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰЖАТТАРЫ**

Жауапты редактор:
Е.Б. Мұратбеков,
Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының
директоры, з.ғ.к.

Корректор
Р. Амантай,
БАҚ-қа мониторинг бөлімінің аға сарапшысы

Дизайн және верстка
Қ.Н. Маханов,
БАҚ-қа мониторинг бөлімінің бас сарапшысы

Техникалық корректор
А.Т. Утемисов,
БАҚ-қа мониторинг бөлімінің сарапшысы